

1995 жылы Өзбекстаннан алынған, пайдаланылған табиғи газ үшін есеп айырысу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қараша N 1457

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1995 жылы берілген табиғи газ үшін Қазақстан Республикасының берешегін өтеу туралы хаттамалық шешімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1995 жылы берілген табиғи газ үшін Өзбекстан Республикасына Өзбекстанның өткін жүктері мен жолаушыларын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдаудың есебіне 12500 мың (он екі миллион бес жүз мың) АҚШ долларына тең сомада берешекті өтеуді қамтамасыз ететін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1997 жылдың бірінші жарты жылдығында Алматы және Батыс Қазақстан темір жолдарының шығындарына 12500 мың АҚШ долларына тең сомаға өтемақы жасасын және "Әділ" ("Одил") фирмасына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғариннің 1995 жылғы 14 қазандағы N 3-40 өкімімен айқындалған сомада ақша қаражатын өндіріп алуға арналған талап-арыз ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп екі апталық мерзімде Өзбек, Қырғыз, Тәжік және Түркмен темір жолдарымен жүк және жолаушылар тасымалдаудағы қарыздары үшін өзара есеп айыру жолымен газ үшін берешекті өтеу жөніндегі Өзбекстан Республикасының ұсынысын қарасын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК